

**Алматы облысы әкімдігінің 2020 жылғы 11 наурыздағы "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыру бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" № 92 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Алматы облысы әкімдігінің 2020 жылғы 17 маусымдағы № 251 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылы 18 маусымда № 5545 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 75 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 26.02.2021 № 75 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 1-тармағына, "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18404 тіркелген) сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысы әкімдігінің "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыру бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" 2020 жылғы 11 наурызындағы № 92 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5434 тіркелген, 2020 жылдың 11 наурызында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1, 2-қосымшалары осы қаулының 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын;

осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес 3-қосымшамен толықтырылсын.

2. "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Алматы облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөліміне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің орынбасары С. Бескемпіровке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Баталов

Алматы облысы әкімдігінің қаулысына 1-қосымша

Алматы облысы әкімдігінің 2020 жылғы "11" наурыздағы № 92 қаулысына 1-қосымша

### Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

| №                                     | Субсидиялау бағыты                                                                                                    | Өлшем бірлігі           | 1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері , (теңге) | Субсидияланатын көлем (бас) | Субсидиялар сомасы (мың теңге) |
|---------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------|--------------------------------------------------------|-----------------------------|--------------------------------|
| Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы  |                                                                                                                       |                         |                                                        |                             |                                |
| 1.                                    | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:                                                                         |                         |                                                        |                             |                                |
| 1.1                                   | Ірі қара малдың тауарлық аналық басы                                                                                  | бас/шағылыстыру маусымы | 10 000                                                 | 147 500                     | 1 475 000,0                    |
| 1.2                                   | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы                                                                              |                         | 20 000                                                 | 43 000                      | 860 000,0                      |
| 2.                                    | Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу | бас/шағылыстыру маусымы | 100 000                                                | 1 400                       | 140 000,0                      |
| 3.                                    | Отандық асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу                                                                           | сатып алынған бас       | 150 000                                                | 3 740                       | 561 000,0                      |
| 4.                                    | Шетелдік асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу                                                                      |                         | 225 000                                                | 1 855                       | 417 375,0                      |
| Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы |                                                                                                                       |                         |                                                        |                             |                                |
| 1.                                    | Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу                                             |                         |                                                        |                             |                                |
| 1.1                                   | бір жынысты                                                                                                           | сатып алынған доза      | 10 000                                                 | 5 200                       | 52 000,0                       |
| 1.2                                   | қос жынысты                                                                                                           |                         | 5 000                                                  | 10 000                      | 50 000,0                       |
| 2.                                    | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:                                                                  |                         |                                                        |                             |                                |
| 2.1                                   | отандық немесе ТМД елдерінен әкелінген шетелдік                                                                       |                         | 150 000                                                | 750                         | 112 500,0                      |

|                            |                                                                                                                                                                      |                                       |         |         |             |
|----------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------|---------|---------|-------------|
| 2.2                        | Аустралия, АҚШ, Канада және Еуропа елдерінен әкелінген                                                                                                               | сатып алынған бас                     | 225 000 | 1 100   | 247 500,0   |
| 3.                         | Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау | ұрықтандырылған бас/шағылысу маусымы  | 5 000   | 76 000  | 380 000,0   |
| 4.                         | Сүтті және сүтті-етті бағыттағы аналық басының және толықтыратын мал басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату                                              | бас                                   | 120 000 | 11 655  | 1 398 600,0 |
| Етті құс шаруашылығы       |                                                                                                                                                                      |                                       |         |         |             |
| 1.                         | Ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу                                                                                             | сатып алынған бас                     | 600     | 432 300 | 259 380,0   |
| Жұмыртқалы құс шаруашылығы |                                                                                                                                                                      |                                       |         |         |             |
| 1.                         | Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу                                                                   | сатып алынған бас                     | 60      | 891 200 | 53 472,0    |
| Шошқа шаруашылығы          |                                                                                                                                                                      |                                       |         |         |             |
| 1.                         | Асыл тұқымды шошқалар сатып алу                                                                                                                                      | сатып алынған бас                     | 140 000 | 334     | 46 760,0    |
| 2.                         | Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу                                                             | бас/шағылысу маусымы                  | 40 000  | 7 100   | 284 000,0   |
| Қой шаруашылығы            |                                                                                                                                                                      |                                       |         |         |             |
| 1.                         | Шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау                     | ұрықтандырылған бас/ шағылысу маусымы | 1 000   | 330 000 | 330 000,0   |
| 2.                         | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:                                                                                                                        |                                       |         |         |             |
| 2.1                        | Қойлардың асыл тұқымды аналық басы                                                                                                                                   | бас/шағылысу маусымы                  | 2 500   | 123 000 | 307 500,0   |
| 2.2                        | Қойлардың тауарлық аналық басы                                                                                                                                       |                                       | 1 500   | 537 000 | 805 500,0   |
| 3.                         | Асыл тұқымды қойлар сатып алу                                                                                                                                        | сатып алынған бас                     | 8 000   | 17 400  | 139 200,0   |
| 4.                         | Тауарлық отардың өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық қошқарды күтіп-бағу                                                                        | бас/шағылысу маусымы                  | 10 000  | 1 500   | 15 000,0    |
| Жылқы шаруашылығы          |                                                                                                                                                                      |                                       |         |         |             |
| 1.                         | Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу                                                                                                            | сатып алынған бас                     | 100 000 | 200     | 20 000,0    |

|                    |                                                             |                    |       |       |             |
|--------------------|-------------------------------------------------------------|--------------------|-------|-------|-------------|
| Балара шаруашылығы |                                                             |                    |       |       |             |
| 1.                 | Балара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу | балара ұясы/маусым | 5 000 | 8 500 | 42 500,0    |
| Барлығы            |                                                             |                    |       |       | 7 997 287,0 |

Алматы облысы әкімдігінің қаулысына 2-қосымша

Алматы облысы әкімдігінің 2020 жылғы "11" наурыздағы № 92 қаулысына 2-қосымша

## Мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

| №                                     | Субсидиялау бағыты                                                                                                                                  | Өлшем бірлігі                        | 1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, (теңге) | Субсидияланатын көлем (тонна) | Субсидиялар сомасы (мың теңге) |
|---------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------|-------------------------------------------------------|-------------------------------|--------------------------------|
| Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы  |                                                                                                                                                     |                                      |                                                       |                               |                                |
| 1.                                    | Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін өткізілген немесе ауыстырылған бұқашықтардың құнын арзандату | тірідей салмағы, килограмм           | 200                                                   | 1 450                         | 290 000,0                      |
| Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы |                                                                                                                                                     |                                      |                                                       |                               |                                |
| 1.                                    | Сүт өндіру құнын арзандату:                                                                                                                         |                                      |                                                       | 66 098,1                      | 1 397 181,0                    |
| 1.1                                   | бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық                                                                                         | Өткізілген немесе өңделген килограмм | 35                                                    | 23 200,0                      | 812 000,0                      |
| 1.2                                   | бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық                                                                                         |                                      | 20                                                    | 15 620,0                      | 312 400,0                      |
| 1.3                                   | бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық                                                                                          |                                      | 10                                                    | 18 619,6                      | 186 196,4                      |
| 1.4                                   | Ауыл шаруашылығы кооперативі                                                                                                                        |                                      | 10                                                    | 8 658,5                       | 86 584,6                       |
| Етті құс шаруашылығы                  |                                                                                                                                                     |                                      |                                                       |                               |                                |
| 1.                                    | Құс етін өндіру құнын арзандату                                                                                                                     |                                      |                                                       | 64 660,1                      | 4 964 810,0                    |
| 1.1                                   | 15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс                                                                                                            | өткізілген немесе өңделген килограмм | 80                                                    | 55 360,1                      | 4 428 810,0                    |
| 1.2                                   | 5 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс                                                                                                             |                                      | 60                                                    | 7 100,0                       | 426 000,0                      |
| 1.3                                   | 2 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс                                                                                                             |                                      | 50                                                    | 2 200,0                       | 110 000,0                      |
| Жұмыртқалы құс шаруашылығы            |                                                                                                                                                     |                                      |                                                       |                               |                                |
| 1.                                    | Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату                                                                                                            |                                      |                                                       | 99 210,0                      | 257 831,0                      |
| 1.1                                   | 200 миллион данадан басталатын нақты өндіріс                                                                                                        |                                      | 3                                                     | 31 300,0                      | 93 900,0                       |
| 1.2                                   | 150 миллион данадан басталатын нақты өндіріс                                                                                                        |                                      | 2,7                                                   | 19 890,0                      | 53 703,0                       |
|                                       |                                                                                                                                                     |                                      |                                                       |                               |                                |

|                   |                                                                  |                                      |       |          |             |
|-------------------|------------------------------------------------------------------|--------------------------------------|-------|----------|-------------|
| 1.3               | 100 миллион данадан басталатын нақты өндіріс                     | өткізілген дана                      | 2,5   | 15 280,0 | 38 200,0    |
| 1.4               | 50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс                      |                                      | 2,2   | 32 740,0 | 72 028,0    |
| Қой шаруашылығы   |                                                                  |                                      |       |          |             |
| 1.                | Қозы өткізу құнын арзандату                                      | өткізілген бас                       | 3 000 | 6 000    | 18 000,0    |
| 2.                | Өндеуге өткізілген биязы және жартылай биязы жүн құнын арзандату |                                      |       |          |             |
| 2.1               | сапасы 60-тан басталатын жүн                                     | өткізілген немесе өңделген килограмм | 150   | 134,0    | 20 100,0    |
| Жылқы шаруашылығы |                                                                  |                                      |       |          |             |
| 1.                | Бие сүтін өндіру және өндеу құнын арзандату                      | килограмм                            | 60    | 4 425,0  | 265 500,0   |
| Түйе шаруашылығы  |                                                                  |                                      |       |          |             |
| 1.                | Түйе сүтін өндіру және өндеу құнын арзандату                     | килограмм                            | 55    | 1 050,0  | 57 750,0    |
| Барлығы           |                                                                  |                                      |       |          | 7 271 172,0 |

Алматы облысы әкімдігінің қаулысына 3-қосымша

### **Республикалық бюджет қаражаты есебінен асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері**

| №                                    | Субсидиялау бағыты                               | Өлшем бірлігі               | 1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, (теңге) | Субсидияланатын көлем (бас) | Субсидиялар сомасы (мың теңге) |
|--------------------------------------|--------------------------------------------------|-----------------------------|-------------------------------------------------------|-----------------------------|--------------------------------|
| Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы |                                                  |                             |                                                       |                             |                                |
| 1.                                   | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:    |                             |                                                       |                             |                                |
| 1.1                                  | Ірі қара малдың тауарлық аналық басы             | б а с / шағылыстыру маусымы | 10 000                                                | 21 850                      | 218 500,0                      |
| 1.2                                  | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы         |                             | 20 000                                                | 2 400                       | 48 000,0                       |
| 2.                                   | Отандық асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу      | сатып алынған бас           | 150 000                                               | 2 140                       | 321 000,0                      |
| 3.                                   | Шетелдік асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу |                             | 225 000                                               | 500                         | 112 500,0                      |
| Қой шаруашылығы                      |                                                  |                             |                                                       |                             |                                |
| 1.                                   | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:    |                             |                                                       |                             |                                |
| 1.1                                  | Қойлардың тауарлық аналық басы                   | бас/ шағылысу маусымы       | 1 500                                                 | 200 000                     | 300 000,0                      |
| Барлығы                              |                                                  |                             |                                                       |                             | 1 000 000,0                    |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК